

"Судың бастапқы есебінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19/1-274 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 2025 жылғы 30 қаңтардағы № 21-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 3 ақпанда № 35698 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 4 маусымдағы № 109-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 04.06.2025 № 109-НҚ (10.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Судың бастапқы есебінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19/1-274 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11131 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 7-8) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Судың бастапқы есебінің қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Судың бастапқы есебінің қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес әзірленді және судың бастапқы есебінің тәртібін айқындайды.";

7-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. СБЕ нәтижесінде алынған мәліметтер тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 күніне дейін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз немесе электронды (Excel форматында) тасымалдағыштарда су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі бассейндік инспекцияларына ұсынылады.

10. Өлшем құралдары "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексеріледі.";

3-қосымша алынып тасталсын;

4-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрінің міндетін атқарушы*

Б. Бекнияз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрлыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрінің міндетін атқарушы
2025 жылғы 30 қаңтардағы
№ 21-НҚ бұйрығына
қосымша
Судың бастапқы есебінің
қағидаларына
4-қосымша
Әкімшілік деректерді

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан өтеусіз негізде интернет – ресурста орналастырылған: www.gov.kz

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі) : СБЕ-1.

Есепті кезең: 20 жылдың тоқсанында .

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 күніне дейін.

[illegible]

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан "Судың бастапқы есебін жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер"

Су объектісінің атауы (су шаруашылығының немесе жер бедерінің)	ӘАОЖ (Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші) бойынша орналасқан жерінің коды	Су тартқыштың (су ағызғыштың) координаттары						Су тартқыштың (су ағызғыштың)	Су алудың (су ағызудың) белгіленген көлемі, мың текше метр		Есепті тоқсандағы су алудың (су ағызудың) нақты көлемі, мың текше метр	
		енділігіне			нөмірі ұзақтығына							
		градус	минут	секунд	градус	минут	секунд			Арнайы су пайдалануға рұқсаттама	Ағымдағы жылдың белгіленген лимиті не сәйкес	тоқсанына барлығы

1. 1-бағанда су объектісінің (су шаруашылығы құрылысының немесе жергілікті жер бедерінің) атауы көрсетіледі.
2. 2-бағанда әкімшілік-аумақтық объект жіктеуішінің атауы көрсетіледі.
3. 3-тен 8-ге дейінгі бағандарда бойлығы мен ендігі бар су алу координаттары көрсетіледі: оның ішінде градуспен, минутпен және секундпен.
4. 9-бағанда су алу нөмірі көрсетіледі.
5. 10-нан 11-ге дейінгі бағандарда мың текше метр қоршаудың белгіленген көлемі көрсетіледі, оның ішінде: арнайы су пайдалануға арналған рұқсатта, сондай-ақ ағымдағы жылдың белгіленген лимитіне сәйкес.
6. 12-бағанда есепті тоқсандағы қоршаудың нақты көлемі мың текше метр, тоқсандағы жалпы саны көрсетіледі.
7. 13-тен 15-ке дейінгі бағандарда сомалар есепті тоқсандағы қоршаудың нақты көлемі, мың текше метр, оның ішінде 1, 2 және 3 ай үшін.
8. 16-бағанда қайталама су пайдаланушыларға су беруді есепке алу торабының нөмірі көрсетіледі.
9. 17-ден 20-ға дейінгі бағандарда қайталама су пайдаланушыларға берілген сомалар мың текше метр, барлығы тоқсан үшін, оның ішінде 1, 2 және 3 ай үшін.
10. 21-ден 22-ге дейінгі бағанда мың текше метр шығын сомасы көрсетіледі, оның ішінде: нормативтік және нормативтен тыс.